

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «№1 «Топлек» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзі-өзі қайта
аттестаттау қорытындысы

Мәртөк
2025-2026 оқу жылы

«Ақтөбе облысы білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «№1 «Тополек» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі қайта
аттестаттаудан өткізілуі туралы

АНЫҚТАМА

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының «Ақтөбе облысы білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» «№1 «Тополек» бөбекжай-бақшасы» Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылғы 28 тамыздағы № 69 хаттамалық шешімімен жолданған «Ақтөбе облысы білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» «№1 «Тополек» бөбекжай-бақшасы» 2025 жылғы 20-28 тамыз аралығында жүргізілген мемлекеттік аттестаттау комиссиясының қорытындысы бойынша 2025 жылдың 2 қыркүйегі күні педагогикалық кеңес отырысы өткізілді. Мемлекеттік аттестаттау қорытындысымен таныстырылып, анықталған кемшіліктерді жою үшін іс-шара жоспары жасақталды. Осы іс-шара жоспарына сәйкес төмендегідей жасалған жұмыстарды ұсынып отырмыз.

- 1. Кемшілік:** Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 18.01.2021ж Жармагамбетова Тилеужан Жаксығалиевна атына тіркелген. Жаңа басшы 01.11.2023 ж тағайындалғанымен Мухамбеткалиева атына анықтамасы жоқ.
Атқарылған жұмыс: №1 «Тополек» бөбекжай-бақшасының Заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама жаңа тағайындалған басшы Мухамбеткалиева Клара Советовнаның атындағы анықтама сайтқа PDF форматта жүктелді.
- 2. Кемшілік:** Қағиданың 2 тарауының 24 тармағы сәйкес келмейді: бөбекжай-бақшада 3 педагогтың санаттары жоқ, кемінде 5 жылда 1 рет біліктілік санаты арттырмаған. (Меңгеруші Мухамбеткалиева К. С- басшылық санаты жоқ, еңбек өтілі лауазымы бойынша -13 жыл кемінде 3 жылда 1 рет санатын арттырмаған, тәрбиеші Қалбаева Г. К- Баишев университеті 2017ж, санатсыз еңбек өтілі 16 жыл, Абдурахитова Т. Б- Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті, санатсыз, еңбек өтілі 15 жыл) Бұдан Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша «Меткепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік

жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 4-тармағының 2-тармақшасының талабы орындалмаған.

Атқарылған жұмыс: Басшылық санаты жоқ Мухамбеткалиева К. С 2026 жылғы 9-сәуірде біліктілік санатын арттыру тестін тапсыруға өтініш беріп тіркелген болатын. Алайда ҚР-ның Оқу ағарту министрлігінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты 2026 жылы аттестаттаудан өтетін педагогтер үшін аттестаттау рәсімі уақытша тоқтатылады» хатын негізге ала отырып тоқтатылды. Үшінші санатты басшы-ұйымдастырушы санатына жаңа өзгерістер енгізілген кезеңде тестілеуге өтінім беріледі.

Калбаева Г. К педагог-модератор санатын 02.09.2024 жылғы № 39 бұйрығымен тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санаты берілді. Біліктілік санаты куәлігі қосымшамен сайтқа PDF форматта жүктелді.

Тәрбиеші Абдурахитова Т. Б декреттік демалысқа кеткен тәрбиеші А.А.Абдураманованың орнына уақытша тәрбиеші қызметінде жүрген болатын, ол ҚР Еңбек кодексінің 49б.5т. және жеке арызы негізінде № 25 бұйрығымен 01.08.2025 жылы уақытша жүрген тәрбиеші қызметінен босатылған.

3. **Кемшілік:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 21 тармағы талабына сәйкес келмейді.: бекітілген штаттық кесте үлгілік штаттық кестеге толық сәйкес келмейді: өйткені 6 топтағы тәрбиеші лауазымына 13,5 ш.б орн ына 12.250 ш.б берілген. Сол 12.250 ш.б ішінде меңгеруші Мухамбеткалиеваға 0,250 ш.б, әдіскер Коваленкоға 0.5 ш.б және Усковаға 0,5 ш.б қосқанда.

Атқарылған жұмыс: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысына сұраныс хат жазылды. Ақтөбе облысының білім басқармасының 24.04.2026 жылғы №195 бұйрығы на сәйкес №1 «Тополек» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-не, тәрбиеші 1,0 бірлік штаты қыркүйек айында берілетіні жөніндегі Мәртөк аудандық білім бөлімінің бұйрығы бойынша штаттық кестеге енгізіледі.

Бұйрықтар көшірмесі сайтқа PDF форматта жүктелді.

4. **Кемшілік:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарамасына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы, Әділетте №14235 нөмірімен тіркелген) және білім беру бағдарламаларымен (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша циклограмма мен перспективалық жоспарды сәйкестендіру, талапқа сай құру.

Атқарылған жұмыс: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарамасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша циклограмма мен перспективалық жоспарлар сәйкестендірілді. Тәрбиеші Калбаеваның циклограмма құру үлгісінде 1 аптада 2 күнге өткізілген ұйымдастырылған оқу қызметі көрсетілген, өйткені қазақ тілі сабағы аптасына 2 рет қана өткізіледі. Бұл циклограммада тек қазақ тілінің ұйымдастырылған оқу қызметі көрсетілген. Әр бетіне қазақ тілі пәні көрсетіліп жазылды және сканерлеп көшірмесі салынды. 2022-2023 оқу жылы бойынша құрылған оқу үлгілік жоспардағы сағат саны мен уақыты көрсетіліп, қайта салынды. 2024-2025 оқу жылындағы И.Р Дадаеваның «Играем с глиной» атты вариативті бағдарламасының жас тобы көрсетіліп, мақсат, міндеттері толықтырылды және қайта бекітілді. Көшірмесі толықтай сайтқа PDF форматта жүктелді.

№1 «Тополек» б/б.меңгерушісі:



К.С.Мухамбеткалиева